



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№25 (1982) 30 МАУСЫМ 2025 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор Жансейіт
Түймебаев Түркияның
ынтымақтастық және
координация агенттігінің
(ТІКА) өкілі Фуат
Эрдогмушпен онлайн
кездесу өткізді.

ҚазҰУ мен ТІКА ТИІМДІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚҚА МҮДДЕЛІ



алуда. Сонымен қатар 2022 жылы Ыстамбұлда ҚазҰУ филиалы ашылды. Ол жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асырып, ғылым мен білімнің халықаралық деңгейде интеграциялануын жүзеге асыруда. Сондай-ақ ҚазҰУ

Эразмус+ бағдарламасына белсенді қатысады, бұл студенттер мен оқытушыларға Түркияның жетекші ЖОО-ларымен тәжірибе және білім алмасуға мүмкіндік береді.

Фуат Эрдогмуш өз кезегінде Түркияның ынтымақтастық және координация агенттігінің (ТІКА) қызметі туралы баяндап, Қазақстан университеттері арасында көшбасшы болып отырған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынас жасауға мүдделі екенін жеткізді.

Кездесу барысында тараптар ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылап, пікір алмасты.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА



БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ АУҚЫМДЫ БАЙЛАНЫС

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасының Хэбэй өнер және дизайн академиясы делегациясымен кездесті. Тараптар университет-аралық әріптестікті білім мен мәдениет салаларында кеңейтуге мүдделілік танытты.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени және білім беру байланыстарының маңыздылығын атап өтті. «Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді. Біздің университетіміз Қытайдың жетекші оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып,

көптеген білім беру, ғылыми және мәдени жобаларға белсене қатысуда. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Хэбэй өнер және дизайн академиясымен бірлесе жұмыс істеп, білім мен мәдениет саласында жаңа жетістіктерге жетеміз деп сенемін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жалғасы 2-бетте

«Оқу ордасының әр жетістігіне қуанамыз!»

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
тетінің журналистика
факультетін 50 жыл бұрын
бітірген түлектер оқу
ордасында кездесті.

Түлектер жаңарған ҚазҰУ қалашығын аралап, университеттің тыныс-тіршілігімен танысты. Делегация құрамында белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері,

танымал журналистер, тілшілер мен журналистика саласының майталмандары бар.

Алдымен құрметті қонақтар өздері білім алған журналистика факультетінде болып, дәріс тыңдаған аудиториялар мен оқу залдарын аралап көрді. Сонымен қатар факультет оқытушыларымен әңгімелесіп, студенттік кездерін еске алды.

Түлектерді ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жан-

сейіт Түймебаев қарсы алды. Өз сөзінде ректор оқу ордасы әрдайым түлектерімен мақтанатынын баса айтты. Жансейіт Түймебаев түлектерді жоғары оқу орнының студенттеріне көшбасшылық дәріс оқуға шақырды. Сөз соңында ЖОО басшысы 50 жыл бұрын бітірген түлектерді «Farabi» алтын медалімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Берлин ИРИШЕВ:

Атақты Dior сән
үйі кітаптарымды
сатып алады



6-бет

Вклад ученых
КазНУ в
развитие
рисоводства



7-бет

Протездеу
ісіндегі жаңа
технологиялар





«Оқу ордасының әр жетістігіне қуанамыз!»

Соңы. Басы 1-бетте

Түлектер қауымы атынан мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, ғалым Сауытбек Абдрахманов сөз сөйлеп,

құрмет көрсеткені үшін ҚазҰУ басшылығы мен ұжымына үлкен ризашылығын білдірді. Сондай-ақ түлектер өз сөздерінде ҚазҰУ-дың әр жетістігі үшін қуанатынын жеткізді.

Кейін құрметті қонақтар ҚазҰУ базасындағы Жерді қашықтықтан зондау зертханасы мен ғылыми орталықтардың жұмыс нәтижелерімен танысты.



– Біз оқыған ҚазҰУ мен қазіргі ҚазҰУ-дың арасы жер мен көктей деуге болады. Бірақ біз

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:

ҚАЗҰУ – ШОҚТЫҒЫ БИІК БІЛІМ ОШАҒЫ

үшін кезіндегі жұпыны, қарапайым, жетілдірілмеген ҚазҰУ жанымызға, жүрегімізге жақын, ыстық. Біздің сағынышымыз 50 жыл бұрын оқуға түскен шағымызбен тікелей байланысты. Алайда ҚазҰУ – қазақтың ЖОО-лары арасында шоқтығы биік білім ордасы, маңдайалды флагманы. Өзіміз білім алып, жетілген университетіміздің әр жетістігіне, игілігіне өте қуанамыз. Жақында ғана Түлектер күніне келіп кет-

кенмін, сол кезде 28 мың студент оқитынын естіп таңғалдым. ҚазҰУ – әлемдік деңгейде танылған оқу орны, өзінің қалыптасқан брендін сақтап, заманға сай дамып жатыр. Біз бүгін сол игі жақсылықты өз көзімізбен көріп, куәсі болдық. ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлының бізді қарсы алып, шын ниетімен ілтипат көрсеткені көңіл қуантты. Бұйырса, 60-70 жылдыққа келу нәсіп болсын.



Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ,
ардагер журналист:

БҰЛ ЖЕРДЕ БІЛІМ АЛҒАН ЖАСТАР БАҚЫТТЫ

– Қазақта «Елу жылда – ел жаңа» деген сөз бар. Біздің бүгінгі көрген университетіміз бен біз оқыған оқу орнын салыстыруға келмейді. Біз жаңа қалашықта оқымадық, кезіндегі Киров көшесінің бойындағы мекенде білім алдық. Бүгін біраз жерді аралап көрдік, оқимын, білім аламын деген жастарға барлық жағдай жасалған, ҚазҰУ-ымыз ерекше өзгерген. Керемет жабдықтары бар екен. Сондықтан бұл жерде оқыған, білім алған жастар бақытты.

Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ,
жазушы:

ҚИЯЛЫМЫЗ ЖЕТПЕЙТІНДЕЙ ДЕҢГЕЙДЕ ӨЗГЕРГЕН

– Осыдан елу жыл бұрын біз қазіргі Т.Жүргенов атындағы Өнер университетінің ғимаратында оқыдық. Бүкіл жастығымыз, жақсы өміріміз сол жақта өтті. Әйтсе де бірінші курста оқып жүргенде ҚазҰУ-дың бас ғимаратын салуға көмек бергенбіз. Іргетасын қалағанбыз. Тас тасығанымыз әлі күнге дейін есімде. Сондықтан қалашық бізге өте ыстық, қолымыздың таңбасы, табанымыздың ізі қалған жер. Басқа ғимаратта оқыды деген аты ғана, әйтпесе жан жүрегіміз осы жақта болатын. Осыдан елу жыл бұрын өрімдей жас едік. ҚазҰУ қазір біздің қиялымыз жетпейтіндей өзгерген. Сол кезде біз дәл осындай деңгейде өзгеретініне сенгеніміз жоқ, оған көзіміз жетпеді. Бүгін қалашықты көріп, жан дүнием жасарып, ерекше сезімде тұрмын. Оқу ордасы өте жоғары деңгейде өзгерген. Оқу бағдарламалары, техникалық мүмкіндіктерді са-



лыстыруға келмейді. Білім алушыларға өте сапалы жағдай жасалғанын көріп қуанып жатырмыз. Әрине, 50 жыл бұрын мамандықтар өте аз еді. Мысалы, журналистика факультетінде газет, теле-радио мамандықтарын ғана даярлайтын. Ал қазіргі кезде бірнеше маман иелерін даярлайтынын естіп қуандық. Қазір ақпараттық кеңістікте ішкі-сыртқы жаңалықтарды сауатты, дәл уақытында көрерменге, оқырманға жеткізетін қаншама сауатты журналистер бар. Соны жасайтын осы ҚазҰУ-дың түлектері. Жыл сайын елімізге мыңдаған маманды даярлап шығарып жатырсыздар. Сол үшін қуанам, менің ҚазҰУ-ым деп мақтанамын. Менің қаламдастарым, әріптестерім деп қуанамын.

Темірхан ӘЛІХАНОВ, ардагер журналист:

МҰНЫҢ БӘРІ ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕКТІҢ АРҚАСЫ

– Өзіміздің сүйікті ҚазҰУ-ымызға келіп, игі жақсылықты көріп, қуанып жатырмыз. Қалашық көздің жауын алады, жайнап құлпырып тұр. Ауасы қандай тамаша. Біз бүгін оқу корпустарын, жатақханаларды аралап көрдік. Студенттерге барлық жағдай жасалыпты. Бір ғана Фараби хабтың өзі неге тұрады?! Ішіндегі зерттеу орталықтарын көріп, ерекше разы болдық. Мұның бәрі ұжымның жанкешті еңбегі. Елімізге мыңдаған маман даярлап отырған көшбасшы оқу ордасына тек жақсылық тілеймін.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Білім мен мәдениет бағытындағы оқуымды байланыс



Соңы. Басы 1-бетте

Хэбэй өнер және дизайн академиясының ректоры Чжан Гуанцзюнь өз кезегінде жылы қабылдауға ризашылығын білдірді. ҚазҰУ-мен ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға ниетті екенін айтты.

Содан соң екіжақты ынтымақтастықты дамыту бағыттарын талқылап, пікір алмасты. Басым бағыттардың қатарында бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, оқытушылар мен студенттер



алмасуын ұйымдастыру, сондай-ақ мәдени және ғылыми шараларды бірлесіп өткізу мәселелері қарастырылды.

Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА

IQAA Ranking 2025:

ҚазҰУ – Қазақстанның ең
үздік көпсалалы университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің жетекші оқу орны мәртебесін кезекті рет дәлелдеді. Білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігінің (IQAA Ranking) институционалдық рейтингі нәтижелері бойынша ҚазҰУ 2025 жылы Қазақстанның көпсалалы жоғары оқу орындары арасында алғашқы орынды иеленді.

Рейтинг университеттің жұмысын кешенді бағалау негізінде жасалады. ҚазҰУ барлық негізгі бағыттар бойынша жоғары көрсеткіштерге жетті, оның ішінде академиялық қызмет, түлектердің жұмыспен қамтылуы, академиялық қауымдастықтың сараптамалық бағалауы, жұмыс берушілер арасындағы беделі, сондай-ақ студенттер мен түлектердің пікірлері. Бұл университеттің білім беру бағдарламаларының, ғылыми зерттеулерінің жоғары деңгейін және түлектердің кәсіби салаға сәтті интеграциясын дәлелдейді. Биылғы рейтингке Қазақ-

станның 30 жоғары оқу орны қатысты. Сауалнамаға 865 жұмыс беруші, 340 академиялық сарапшы, 12 871 студент және 2802 түлек қатысты.

IQAA Ranking нәтижелері университеттерге өздерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін шынайы бағалауға, әрі қарай даму бағыттарын анықтауға және ұлттық, халықаралық білім беру кеңістігіндегі позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді.

Рейтингтің толық нәтижелерімен IQAA Ranking ресми сайтында танысуға болады: <https://iqaa-ranking.kz/>



Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі экономист-ғалым әрі майталман дипломат, зерттеуші Берлин Иришевтің көшбасшылық дәрісі өтті. Оған оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер, білім алушылар қатысты. Берлин Кенжетайұлы дәріске қатысушыларға әлемдегі саяси-экономикалық ахуал туралы айтып берді. Одан кейін өзінің зерттеу еңбектері, оның ішінде қазақ ұлтынан шыққан танымал тұлғаларға қатысты тың ізденістерімен бөлісті. Бүгін біз сол әңгімені газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

– Бұл менің Қазақ ұлттық университетіне осымен үшінші рет келуім. Келген сайын университеттің дамып, өсіп-өркендеп жатқанын көріп көңілім марқаяды. Дәрістің алдында ғана Farabi Hub орталығында болдым, өте керемет жасалған алаң екен. Іргедегі көршіміз Қытай елімен байланысты дұрыс жасап жатырсыздар. Өйткені заманауи технологияның болашағы осы елде. Оны бәріңіз көріп, біліп отырсыздар. Сондықтан, Жансейіт Қансейітұлы, сіздер дұрыс даму жолында келе жатырсыздар. Сіздерге ерекше алғыс айтқым келеді, өйткені менің азды-көпті еңбегімді бағалап, еліміздің болашақ тұтқаұстары жастармен кездесуге әрдайым мүмкіндік жасап отырсыздар.

2021 жылы ковидтің ең қауіпті кезеңінде, тіпті тыйым салынған уақыт еді, соған қарамай, Францияда шыққан кітабымның тұсаукесерін онлайн өткіздік. Сөйтіп, менің кітабым оқырмандармен қауышқан еді. Одан кейін Бизнес және экономика жоғары мектебінде «Әлемдік экономика: эгоцентризмнен – дезинтеграцияға дейін» деген тақырыпта дәріс оқыдым. Содан бері бес жылға жуық уақыт өтті. Бұл тақырып жаһандық экономикалық саясатта әлі күнге өзекті. Қазір біз дезинтеграцияның үстінде отырмыз. 2000 жылы, ХХІ ғасыр басталғанда «халықтың мүддесін ойлаймыз, сол арқылы байимыз» деген ойымыз болған. Қазір оны ұмытқан сияқтымыз. Десек те, эгоцентризм деген – дезинтеграцияның басы. Әлемдік экономикадағы жаһандық тенденциялар жай ғана болжам деуге келмейді. Бұл қазіргі уақытта болып жатқан оқиғалардың көрінісі. Бүгінде халықаралық ұйымдар мен үкіметтер халықаралық бөсекеге қабілеттілік пен экономикалық тиімділікті арттыру стратегиялары туралы маңызды шешімдер қабылдауда. Мұның бәрі ұлтшылдықтың белең алуы мен дезинтеграция, яғни ыдырау процестерінің артуы аясында жүзеге асырылып келеді. Мұны айтып отырған себебім, монетарлық саясат – ерекше ғылыми саясат, өзім осы тақырыппен айналысқам. Зерттеген салам. Ақша айналымы, инфляцияның ауыздықтық халықтың жағдайына ықпал етеді, ел ішіндегі тұрақтылыққа негіз болады деген сөз. Бұл мәселенің ғылыми мағынасы төмендеген жоқ. Ақшаның құны, инфляцияны қалай тежеуге болады деген мәселе қазір де, болашақта да өзекті болмақ. Кезінде «Еуропа төжірибесі керек болады» деген ниетпен «Валютная триада» деген ағылшын тілінде еңбек жазғам. Сонда «дүниежүзінде маңдайда доллар, сол жағында

еуро, оң жақ тұста юань мен йен тұрады» деп сонау 2011 жылы болжам жасаған едім. Әңгімемнің басында да атап

Берлин ИРИШЕВ:

Атақты Dior сән үйі кітаптарымды сатып алады

өттім ғой, болашақта Қытай ерекше жылдамдықпен дамиды. Оған қазірдің өзінде көзіміз жетіп отыр. Егер Қытай мен Жапония бірігетін болса, онда «технологиялық төңкеріс» туындайды. Дүниежүзілік оқиғалар технологияға қарай ойысады. Қазір жер-жерде қақтығыс, соғыс деген орын алып жатыр, бұл өте қиын жағдай. Алдағы уақытта ғылым, техника жағынан Қытай оқ бойы озады. Болашақта бірте-бірте доллар мен еуродан шығып, юаньға қарай өтеміз-ау. Өйткені қазіргі тенденциялар осыдан хабар береді.

Енді мен өз әңгімемді тарихи, рухани әлемге бұрайын. Қалай айтсақ та, Франция әлемдік мәдениеттің орталығы ғой. Осы елде өмір сүріп жатқандықтан, елімнің дамуына аз да болса үлесімді қосайын деген ниетпен кезінде «Франциядағы қазақтар» деген қауымдастық құрғанмын. Осы қауымдастың аясында біраз іс тындырдық. «Музыка тұжырымдамасы» жобасы шеңберінде 2002 жылы Майра Мұхаммедқызын Францияда өнер көрсетуге шақырдық. «Травията», «Богема» операларына қатысып, ән шырқау үшін қолына екі келісім ұстаттым. Сөйтіп, атақты опера әншісі үш жылдай Францияда өнер көрсетті. Бұл қазақ руханиятына қосқан алғашқы үлесіміз болатын. Одан кейін Еуропада жүрген қазақтардың басын қосып, 2020 жылы апалы-сіңлілі Нақыпбековалардың тағдырына арналған документалды фильм түсірдік. Кеңес заманында Еуропаға кетіп қалған атақты музыканттардың өмірі мен тарихы ұмыт қалмасын деген ниетпен осындай қадамға бардық. Фильмнен кейін Дубайда өткен ЭКСПО-да Нақыпбековалардың концертін өткіздік. Дубайда араб телеарнасына сұхбат беріп, фильмді көрсеттік. Іле-шала Лондонда концерт ұйымдастырдық. Ауыз толтырып айтатын шаруаларымыз аз емес, баршылық. Мұның бәрі қазақ халқының мәдениеті үшін жасалып



БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Берлин Кенжетайұлы Иришев 1945 жылы 9 мамырда Қостанай облысы Жітіқара қаласында дүниеге келген. Алматы халық шаруашылығы институтын, Мәскеу қаржы институтының аспирантурасын, РФ Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының докторантурасын бітірген. Әр жылдары Алматы халық шаруашылығы институтының кафедра меңгерушісі, «Казвнешэкономбанк» басқарма төрағасы, Alem Bank Kazakhstan басқарма төрағасы, ҚР Эксимбанкінің басқарма төрағасы, ҚР Президентінің кеңесшісі, Франциядағы Қазақстан елшілігінде кеңесші-елші қызметтерін атқарды. Отандық және шетелдік басылымдарда басылған түрлі өзекті тақырыптарға арналған жүздеген жарияланымдардың авторы. Шетелдік инвестициялар, банктер, монетарлық саясат, экономикалық патриотизм, ядролық энергетика, ауызсу, аграрлық саясат, әлемдік дағдарыс пен интеграция мәселелерін зерттеген. 1996 жылдан бері Францияның астанасы Париж қаласында тұрады. Франциядағы Parlink Consulting консалтингтік компаниясының басқарушысы, экономика ғылымының докторы.

жатқан жобалар, ұлтымыздың мәдениеті арқылы елді таныту ғой. 2024 жылы Алматыда бір концерт өткіздік, «бір неміс», «бір француз», «бір ағылшынның» басын қостық. Бірақ үшеуі де айналып келгенде өзіміздің қазағымыз, олар әлемге аты шыққан майталман музыканттар – Әлім Бейсенбаев, Марат Бейсенғалиев және Элдар Сапаралиев. Сол кезде маған достарым «Беке, үш қошқар түгіл, екі қошқардың басын бір қазанға сыйғызу қиын, мұныңыз бос әурешілік емес пе?» деп сенімсіздік танытқандары болды. Бірақ мен алған бетімнен қайтпадым, дипломат деген атым бар ғой, келіссөз жүргізіп, үшеуін де көндіріп, Алматыда ел-жұрттың есінде қалатындай тамаша концерт өткіздік. Бұл біздің енді музыка саласындағы жобаларымыз. Бұл да аз еңбек емес. Одан кейін, өздеріңіз білетін боларсыздар, Диордың музасы Алла Ильчун (Елшін) туралы зерттей бастадым. Ол кісі 1989 жылы өмірден өткен. Артында ешқандай еңбек қал-

маған. Содан зерттеуге бел шеше кірісіп кеттік, көне кітаптарды, әлемдік БАҚ-ты ақтардық. Осы кезде мен газеттің «құдіреттілігіне» басымды идім. Интернет, әлеуметтік желі дейміз, бірақ оларда көп айғақтар сақталмайды. Ал біз Аллаға қатысты аса қажетті фактілерді газеттерден таптық. Алла Қуантханқызының еңбек жолын, тарихын АҚШ-тың баспасөз басылымдары өте көп жазған екен. Сол жақтан көп дерек таптық. Жапония, Австралия елдерінің баспасөзінен құнды деректер шықты. Фактология қолымызда, оған ешкім қарсы дау айта алмайды. Сөйтіп, Алла Ильчун туралы тұңғыш деректі фильм де түсіріліп, алдымен Парижде көрсетілді. Көп ұзамай «Алла – DIOR-дың шығыс жұлдызы» фильмі Алланың әкесінің кіндік қаны тамған топыраққа да келіп жетті.

Париж подиумдарында жылдар бойы салтанат құрған Алла Ильчун кім еді? Кристиан Диордың №1 моделі, кейін Ив Сен Лоранды да мойындатқан

Алланың тағдырында тылсым оқиғалар ғана емес, жұмбақ жайттар да әлі жеткілікті. «Муза DIOR. Алла Ильчунның тарихы. Қазақтаннан шығып, сән әлемін мойындатқан» атты кітабымның тұсаукесері жер-жерде өтті. Бұл кітап Алла Ильчунның өмірін ғана емес, бұрын-соңды белгісіз болып келген деректер мен мұрағаттық құжаттарды барынша қамтыдық.

Сөйтіп, жанкешті еңбек арқасында Алла Елшінің тағдырына қатысты толық тарихи әділеттілік орнады десек те болады. Француздар Алла Қуантханқызының қазақ екенін мойындады, қытай халқы таласқан жоқ, орыстар жиеніміз дегеннен әрі аспады.

Ақиқатына келсек, өмірден өткенше «Кристиан Диордың қытай моделі» атанған Алла Қуантханқызы Елшін патшалық Ресей мен Қытай бірігіп Харбинде теміржол салынып жатқан кезде туған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияда партизандық іске араласқанын, одан кейін Кристиан Диордың №1 моделі болғаны тарихи дәлелдермен дәйектеліп келеді. Айтпақшы, өткен жылы Алла Ильчунның тағдырын зерттеп, жарыққа кітап, деректі фильм түсіргенімізді ескерген Франция үкіметі «Францияның мәдени мұрасына зор үлес қосқанымызға» жоғары баға берді. Атақты «Нобель» кітап дүкені Нью-Йоркте, Сан-Францискода, сосын Лондонда бар. «Амазон» арқылы менің кітабымды сатып алуға болады. Сіздер Диордың киімін сатып аласыздар, ал Диор менің кітабымды сатып алады». Өткен жылы біз Нью-Йорктен Тараз қаласына ұшып келдік. Онда жерлестеріміз Алланы еске алып, дизайнерлік іс-шаралар ұйымдастырған еді. Оған біз де қуандық. Біреу білер, біреу білмес, былтыр қазақ қызының образы 82 елде жарыққа шықты. Біз үшін бұл үлкен жетістік. Біздің осындай жұмыстарымыздан кейін француздар қазақ қыздарын іздей бастады. Маған кейбір достарым қалжыңдайды, «Беке, Алланы бекер жаздыңыз-ау, қыздарымыздан айырылып қаламыз ба деп қорқамыз» дейді. Тағы бір мысал айтайын, Жапония ханшаймы бір тойда кимано емес, Диордың көйлегін киіп шығыпты. Сол елде Диордың еңбектері бар шығар деген ниетпен кітап дүкеніне кірсек, көп суреттердің ішінде Алла тұр екен. Тарихтан бұрыннан жапондықтардың қытаймен қарым-қатынасы дұрыс болмағанын білесіздер, сондықтан Алла ол жақта дұрыс дәріптелмеген. Өткен жылы Астанада Аллаға арнап «Ояттың рухын даланың» деген халықаралық байқау өткіздік. Байқауға 10 елден өтініш түсті, 4 шетелдік қатысты. Осы байқауда 19 жастағы Нарғыз бас жүлдені жеңіп алды. Ал мүсіншілер арасынан Шоқан Төлеш бірінші орынды жеңіп алды. Әзірше ауыз толтырып айта-тындай осындай еңбектеріміз бар. Келешекте де қазақ халқының руханияты үшін тер төгуге әзірміз.

Жазып алған
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚазҰУ-дың филология факультеті «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері еліміздің іргелі медиа ұйымы – «Қазақстан» РТРК» АҚ Алматы қала-сындағы филиалында өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болды. Бұл тәжірибе жастарға телевизиялық контенттің дайындалу процесін жан-жақты танып, шығармашылық ұжымның күнделікті жұмыс барысын көруге таптырмас мүмкіндік берді.

«Қазақстан» телеарнасындағы өндірістік тәжірибе



Тәжірибенің алғашқы күнде-рінде студенттер телеарнаның үлкен әрі күрделі құрылымымен және қауіпсіздік ережесімен танысты. Ғимаратқа кіру үшін арнайы рұқсат қағаздарын алып, ұйымдастырылған жүйелі жұмысқа қатысқандарды ұжым жылы қабылдады. Ұйым басшылары студенттерге нақты міндеттерді бөліп беріп, қабілетімізге қарай қызықты тапсырмалар ұсынды. Бұл алғашқы тәжірибе күні жас мамандарға үлкен сенім мен шабыт сыйлады.

Өндірістік тәжірибе барысында студенттер түрлі телебағдарламалардың түсіріліміне қатысып, түсірілім және монтаж процестерінің негізгі қырларын меңгерді. Мысалы, «Бау-бақша» бағдарламасының сынама түсіріліміне қатысып, түсірілім терминдері мен әдістерімен танысты. Ботаникалық бақтағы түсірілім кезінде ландшафттық дизайн туралы мамандардан сұхбат алу және түсірілімнің әр кезеңін бақылау студенттерге кәсіби шеберлікті жетілдіруге септігін тигізді.

Сонымен қатар «Вечные ценности» бағдарламасында қонақтардың өмірі мен құндылықтары туралы сұхбат жүргізу процесін көріп, операторлардың, режиссерлердің және редакторлардың жұмысына куә болды. Мұның барлығы телевизиялық өндірістің қаншалықты көпжақты және кәсіби білікті талап ететін сала екенін ұғынуға көмектесті. Студенттер Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрына барып, «Ұлпан» қойылымының түсірілімін көрді. Бұл жерде эфирге түсетін қойылымның артында қаншама техникалық дайындық пен ұйымдастыру жұмыстары жатқанын анық көрді. Продюсер мен режиссердің тікелей байланысы, бірнеше маманардың үйлесімді жұмыс істеуі шығармашылық процестің маңызды бөлігі екенін көрсетті.

Монтаждау жұмыстары да тәжірибенің маңызды бөлігі болды. Студенттер режиссер ассистентімен бірге кадрларды бірегей бейнеге біріктіруді үйренді. Монтаждаудың қан-

шалықты мұқияттылық пен кәсіби дағдыны талап ететінін сезініп, операторлардың түсірілім сапасының жобаның сәттілігіне тікелей әсер ететінін түсінді. Сондай-ақ әкімшілік құжаттармен жұмыс істеудің де маңыздылығын көрді.

«Сарасөз» бағдарламасының түсіріліміне дайындық барысында студенттер қонақтармен қарым-қатынас жасаудың, режиссер және продюсермен үйлестірудің маңызын түсінді. Бағдарламаға әдебиет саласының мамандары шақырылып, олардың кәсіби тәжірибесі мен көзқарасы жастардың ғылыми және шығармашылық қызығушылығын арттырды. Өндірістік тәжірибе барысында әкімшілік жұмыстардың да жауапкершілігі байқалды. Студенттер режиссер ассистентімен бірге көлік сұранысы, рұқсат қағаз рәсімдеу тәрізді жауапты қызметтерге қатысып, телеарнаның жүйелі және тәртіпті жұмыс істеуіндегі ішкі процестерді меңгерді.

Бұл тәжірибе жас мамандарға теориялық білімін практикамен ұштастырып, кәсіби ортада өзін-өзі ұстау, жауапкершілік пен шығармашылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Студенттердің медиа саласына деген қызығушылығы артты, болашақ мансабына деген сенімі нығая түсті.

Осы мүмкіндікті берген «Қазақстан» РТРК ұжымына және тәжірибені ұйымдастырған филология факультетіне алғысымыз шексіз. Осы факультетте білім алып, осындай мол тәжірибе алу мен үшін үлкен мәртебе. Болашақ маман ретінде осы жолды жалғастыруға дайынмын және университеттің берген білімін тиімді пайдалануға тырысамын.

Өндірістік тәжірибе – жас мамандардың кәсіби дамуы мен болашағына негіз қалайтын маңызды кезең. Бұл тәжірибе жастарды шығармашылық ортаға дайындап, өз саласында білікті маман болуға жол ашады.

Фарида РАШИТ,
«Әдебиеттану» мамандығының 3-курс студенті

Меморандум аясында өткен халықаралық семинар-тренинг

Шығыстану факультетінің Арабтану орталығы мен Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясымен (King Salman Global Academy for Arabic Language) бірлесіп араб тілі оқытушыларына арналған халықаралық әдістемелік семинар-тренинг өткізді.

Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы араб тілінің мәртебесін араб елдерінің өзімен қоса, әлемдік деңгейге көтеру, маңыздылығын дәріптеу әрі нығайту мақсатында 2020 жылы 1 қыркүйекте Сауд Арабиясы Мәдениет министрлігінің шешімімен құрылған. Академия «Saudi Vision 2030» Даму бағдарламасының адами ресурстарды дамыту тармағы аясында жұмыс істей отырып, араб тілін, ғылымын дамытуға бағытталған ғылыми орталыққа айналуы көздейді. 2021 жылдың ақпан айынан бастап академияның бас хатшысы қызметін доктор Абдулла әл-Уашми атқарып келеді. Академия төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді: Тіл ғылымы мен тіл саясаты, Компьютерлік лингвистика, Араб тілі бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, Тілдік мәдени бағдарламалар ұйымдастыру.

Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы 2023 жылы қаңтар айында тұңғыш рет Әр-Рияд қаласында ҚР жоғары оқу орындарындағы араб тілі мамандарын қабылдап, семинар-тренинг өткізді. Делегацияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің араб тілі оқытушы-профессорлар құрамы бастап барды. Семинар-тренинг аясында араб тілінің мамандары өз кәсіби біліктіліктерін арттырып қана қоймай, Сауд Арабиясының тарихы, мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік алды. Сапар толығымен академия тарапынан қаржыландырылды.

2024 жылы қыркүйек айында академияның бас хатшысы Абдулла әл-Уашми бастаған делегация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ресми сапармен келді. Сапар нәтижесінде Әл-Фара-



би атындағы ҚазҰУ мен Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы арасында өзара ынтымақтастық пен түсіністік меморандумына қол қойылды.

Екіжақты меморандум аясында ҚазҰУ академиямен бірлесіп араб тілін компьютерлеу, электронды сөздіктер құрастыру, лингвистикалық корпустар, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, тілдік деңгейді анықтайтын тест құрастыру, араб тіліндегі қолжазбаларды зерттеу, семинар-тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізу сынды бірқатар бағыттар бойынша бірлесе жұмыс істеуге келісті.

Аталған шаралардың бас-тамасы ретінде Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы 2025 жылдың 26-29 мамыр аралығында ҚазҰУ шығыстану факультеті араб тілінің оқытушыларына арналған семинар-тренинг өткізді. Семинар-тренингтің мақсаты мамандарға араб тілін үйретуде дәстүрлі әдістердің тиімді жақтарымен қатар, инновациялық технологияларды қолдануға, сол арқылы әр студенттің қабілетіне қарай интеллектуалдық дарындылығын, жеке қабілетін дамытуға, педагогикалық құзыреттерін, кәсіби білігін арттыруға бағытталды. Академияның сарапшы-мамандары сапар барысында шығыстану факультеті араб тілі бөлімінің студенттеріне екікүндік «Академиялық Хамза тесті» семинар-тренингін ұйымдастырды. Аталған тренингке 30 білім алушы қатысты.

«Академиялық Хамза тесті» – араб тілін меңгерген шетелдік тұлғалардың тілдік құзыреттілігін анықтау мақсатында шетел тілдерін меңгеру деңгейлерін анықтаудың Еуропалық ортақ стандарттарына (CEFR) сәйкес, Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы әзірлеген академиялық сынақ. «Хамза» тесті А2-ден С1-ге дейінгі төрт дең-

гейді қамтиды. Мақсаты – араб тілінің мәртебесін ғылыми әрі мәдени тұрғыда халықаралық деңгейге көтеру әрі нығайту, тілдік құзыреттілікті өлшеудің әмбебап құралына айналу, университеттер мен оқу орындарына студенттердің тілдік дайындығы туралы нақты ақпарат беруге бағытталған. Тест құрылымы төрт бөлімнен тұрады: тыңдалым, оқу, жазу және сөйлеу. Жалпы ұзақтығы – 155 минут, 75 тапсырмадан тұрады. Тест екі форматта өткізіледі: офлайн және онлайн. Тест араб тілін оқитын студенттерге, мұғалімдерге және тілдік дайындығын бағалауға мүдделі ұйымдарға арналған.

Халықаралық араб тілі академиясының ҚазҰУ-ға жасаған екінші ресми делегациясының құрамында академияның Лингвистикалық корпустар департаментінің директоры, доктор Афрах ат-Тамими, коуч-тренерлер Мұхаммад бен Шу-дейд, Абдрахман ас-Сарам, Ухуд аш-Шалауи болды.

Доктор Афрах ат-Тамими бастаған делегация алғашқы күні семинар-тренингтің ашылу салтанатында академияның стратегиялық жоспары, түрлі тілдік, мәдени бағдарламаларымен таныстырып, шараны өткізуге қолдау көрсеткен ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаевқа алғыс білдіріп, факультет деканы Н.Ем, Арабтану орталығының директоры Б.Жұбатоваға академияның бас хатшысы Абдулла әл-Уашмидің құрметі мен сәлемін жеткізді.

Шараға шығыстану факультеті арабтану бөлімінің оқытушы-профессорлары, магистранттары, докторанттары, сондай-ақ Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Абылай хан атындағы Әлем тілдері және халықаралық қатынастар университеті, Абай атындағы педагогикалық университеті мен арабтанушы мамандарды даярлайтын өзге де білім беру мекемелерінің 30-ға жуық оқытушысы қатысты.

24 академиялық сағатты қамтыған семинар-тренинг қатысушыларына және араб бөлімінің студенттеріне Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясының халықаралық үлгідегі сертификаты табыс етілді.

Айдынгул ХАВАН,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы араб тілі бөлімінің меңгерушісі



Қазіргі заманда жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар адамзат өркениетінің жаңа кезеңін бастап отыр. Білім беру жүйесі де бұл үдерістен тыс қалмай, заман талабына сай дамып, жетіліп келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте араласамыз

Біздің ҚазҰУ – тек дәстүрлі білім берумен шектелмей, заманауи цифрлық шешімдерді белсенді енгізіп келе жатқан жоғары оқу орны. Білім орда-сында оқытудың электрондық платформалары кеңінен қолданылады. Студенттер қашықтан оқытудың жаңа жүйесін пайдалана отырып, білім алу мүмкіндігіне ие. Бір айта кетерлігі, университет базасында инновациялық зертханалар мен IT орталықтар жұмыс істейді. Мұндай инфрақұрылым жас мамандардың цифрлық дағдыларын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді.

«Цифрлық экономика» мамандығы қазіргі нарықта сұранысқа ие бағыттардың бірі. Бұл салада оқитын студенттер тек экономика негіздерін ғана емес, сонымен бірге үлкен деректермен жұмыс істеу, сараптама, бағдарламалау және бизнес-процестерді автоматтандыру сияқты маңызды қабілет түрлерін меңгереді. Біздің университет осы бағытта сапалы білім беріп, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда. Бұдан бөлек, ҚазҰУ студенттері хақтондар мен цифрлық жобаларға белсене қатысады. Білім ордасы қабырғасында ашылған стартап-инкубаторлар мен бизнес-инкубаторлар жастар-

дың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Университет қабырғасында білім алу – тек дәріс тыңдап, емтихан тапсыру ғана емес, сонымен бірге болашақты бірге қалыптастыру мүмкіндігі.

ҚазҰУ студенттері ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте араласып, цифрлық жобаларды жүзеге асыруда бастамашыл бола алады. Өйткені бұл жерде әр идея қолдау табады, ал әрбір студент өз саласының жаңашылы болуға мүмкіндік алады.

Цифрлық дәуір – тек технологиялар емес, ойлау жүйесінің трансформациясы. Біздің ұстаздарымыз бұл өзгерісті тек бақылаушы ретінде ғана емес, белсенді қатысушы ретінде қабылдайды. Оқу ордасы студенттерге креативті ойлау, проблеманы жүйелі шешу және өмір бойы білім алуға икемделу сияқты заманауи дағдыларға үйретіп келеді. Мұндай білім болашақта студентке кез келген салада өз орнын табуға жол ашады.

Бүгінгі білім – ертеңгі табыстың кепілі.

Әбдісәлан СЛАМХАНҰЛЫ,
Иманғали МҰХАМЕДӘЛИЕВ,
«Цифрлық экономика»
мамандығының 1-курс студенттері

Ғылымның дамуына үлес қосамын

Өткен жыл мен үшін өте табысты жыл болды. ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған салтанатты шарада жас зерттеушілерге ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин жас ғалымдарға пәтер сертификаттарын табыс еткенін білесіздер.

ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті Молекулалық биология және генетика кафедрасының жас ғалымы әрі Ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, мен Әйгерім Құрманбекқызы, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2 бөлмелі жаңа пәтердің иесі атандым.

Менің ғылыми жолым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алудан басталып (9 жыл бойы), «Абай Верн» бағдарламасы аясында Франциядағы Густав Рози институтында ДНҚ репарациясы зертханасында тағылымдамадан өтуіммен жалғасты. 2022 жылы PhD дәрежесін сәтті қорғағаннан кейін, 2023 жылы «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы бойынша АҚШ-тың Сан-Диего қаласындағы Кали-

форния университетінде бір жылдық тағылымдамадан өттім. Қазіргі таңда мен Aero-monas тұқымдасына жататын антибиотикке төзімді патогендерге қарсы эндолизин негізіндегі терапияны қолданудың жаңа стратегияларын әзірлеу бағытында ғылыми жұмыстар жүргізудемін.

Алған баспанам мен үшін үлкен қуаныш әрі ғылым жолындағы еңбегімнің бағаланғаны болды. Оқу орнының басшылығына, ұстаздарым мен жетекшіме, әріптестеріме ерекше ризамын, «Qazaq universiteti» газеті арқылы үлкен алғыс айтқым келеді. Болашақта өзімнің ғылыми зерттеулерімді еліміздің ғылымына тиімді үлес қосатын жаңалықтармен толықтыруға тырысамын.

Әйгерім ҚУАНБАЙ,
аға оқытушы

Бабеш-Бойяи университетінде білім алғаным бақыттым

Bună ziua! Бұл румын тілінде «Қайырлы күн!» деген мағынаны білдіреді. Биыл мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Румыния мемлекетінің ең көне әрі ірі, аса беделді жоғары оқу орындарының бірегейі Бабеш-Бойяи университетінде білім алдым.

Клуж-Напока қаласында 1581 жылы Иезуиттер орденіне тиесілі Клаудиополистана академиясы ретінде негізі қаланған бұл университет бірнеше қайта құру кезеңдерінен өтіп, 1959 жылы қазіргі Бабеш-Бойяи университеті болып құрылды. Оның атауы румын микробиологы Виктор Бабеш пен венгр математигі Янош Бойяи құрметіне қойылған. Оқу ордасы тек румын тілінде ғана емес, венгр және неміс тілдерінде де білім береді. Бірақ ағылшын, француз және басқа шет тілдерінде де толығымен оқытылатын бағдарламалар қарастырылған. Мұнда 21 факультетте 50 мыңға жуық студент оқиды. Университет білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіріп келеді. Сонымен қатар бұл оқу ордасы 50 елдегі 210 университетпен серіктестік орнатқан. Білім шаңырағының іргетасы қаланғаннан бері оның академиялық деңгейі мен ғылыми зерттеулерінің нәтижелері халықаралық аренада айтарлықтай абыройға ие.

Клуж-Напока қаласындағы халықаралық қатынастар бөлімінің қызметкері ретінде қажырлы еңбек еткен Михаела Богдан (Mihaela Bogdan) университет пен академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы сөз қозғады: «Білім министрлігі халықаралық студенттерге шәкіртақы ұсынады. Біз өз елдерінде грантқа қол жеткізген студенттерді қабылдаймыз және жібереміз. Екіжақты келісімдер немесе Эразмус бағдарламасы аясында олар біздің университетімізде бір семестр немесе толық оқу жылын өткізе алады. Ауысып оқу бағдарламасы негізінде әр семестре шамамен 700 студент өзге елдерге жіберіледі және 300-400 студент қабылдаймыз. Оқу ордасы көпмәдениетті орта ретінде танымал. Мұнда сіз тек жергілікті тұрғындармен ғана емес, көптеген халықаралық студенттермен де таныса аласыз».

Саяси, әкімшілік және коммуникациялық ғылымдар факультеті (FSPAC) мемлекеттік басқару, журналистика, қоғаммен байланыс, көшбасшылық, жарнама, саясаттану және денсаулық сақтау салаларында оқу бағдарламаларын ұсынады. 1995 жылдың басынан факультет білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламалары, инфрақұрылым, білім сапасы және сабақтан тыс



жұмыстар бойынша үздіксіз дамумен айналысады. Факультет білім беру үдерісі мен еңбек нарығы арасындағы тиімділікке негізделген тұрақты байланысқа қол жеткізе отырып, журналистика саласындағы кәсіби мамандарды даярлауды мақсат тұтқан. Профессорлық оқытушылық құрам осы факультетте оқыған және Еуропа, Американың беделді университеттерінде мамандандырылған жас топтан тұрады. Студенттер жергілікті, аймақтық немесе ұлттық мекемелерде тағылымдамадан өту арқылы оқу семестрінде алған дағдыларын дамытып келеді.

Журналистика және цифрлық медиа кафедрасының оқытушысы Рарес Беуран (Rares Beuran) факультеттің студенттерге ұсынатын мүмкіндіктері туралы айтып берді. «Радио мен телестудияның тарихы 17 жыл бұрын басталған. Әу баста өте белсенді студенттер тобы радиостанция ашқысы келген. Нәтижесінде Бабеш-Бойяи радиосы Румыниядағы студенттік радиолар арасында алғашқы онлайн радиостанциясы ретінде әйгілі болды. Біз жұмысты веб-сайт ашудан бастадық және радионы іске қостық, бір жарым-екі жылдай уақыт өткен соң қазіргі тұрған ғимаратымызды да алдық. Факультетке көшкен соң Бабеш-Бойяи ТВ бағдарламасын да дамыттық. Алғашында бізде камералар мен дыбыс жазу құрылғылары болды, бірақ қазір біз үнжазба мен бейнематериалды өңдеу үшін телефонға арналған қосымшаларды студенттерге үйретіп келеміз. Радио мен телевидениеде шеберлік сағаттарын өткізу арқылы студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруды мақсат тұтқан бүкіл Трансильванияда танымалдыққа ие әрі радио саласымен етене таныс Кармен Физешан (Carmen Fizesan) және бұрын біздің студентіміз болған, ал қазір Бухарестте Еуроньюс (Euronews) жаңалықтар бөлімінде жұмыс істейтін Мария Моистың (Maria Mois) еңбегі елеулі. Әрине, бізде жергілікті радиостанция, радио Клужбен және мемлекеттік телевидениемен серіктестіктеріміз бар», – деп оқытушы студия туралы құнды ақпаратпен бөлісті.

Факультет қабырғасында қазіргі медиа саласы сұранысына ие пәндер оқытылады. Мәселен, «Этика және кәсіби деонтология» пәнінің оқытушысы болашақ журналистердің этикалық кодекстері ережелерге сай жұмыс істеуін талап етеді. Мысалы, жәбірленушілердің құқығын қорғау мақсатында олардың жеке деректерін жариялауға, көмелетке толмаған жастардың аты-жөнін, бет-әлпетін көрсетуге мүлде болмайтынын ескертіп, Германия, Швеция, Дания, Румыния сияқты бірқатар мемлекеттердің этикалық кодекстеріндегі қағидалар түсіндіріліп, оқытушы нақты мысалдар келтірді.

«Мен Эразмус бағдарламасы аясында Румыниядағы осы университетті таңдадым. Әрине, мен осы факультетті өте жақсы көремін, себебі бұл студенттер үшін жоғары дәрежедегі университет. Мұндағы мамандар әрқашан сізге қажет кезде көмек көрсетеді. Менің ойымша, журналистика қоғамда өте маңызды мамандықтардың бірі болып қала бермек. Өйткені ақпарат – бұл күш, қазіргі заманда сіз ақпараттан құр қалмауыңыз керек. Біз қоғамға не болып жатқанын түсіндіру үшін кәсіби журналист болуға ұмтыламыз», – деп Испания азаматы Франсиско Перес (Francisco Perez) өз пікірімен бөлісті.

Бүгінде университет Румыниядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі саналады. 2016 жылғы жалпы рейтинг бойынша ол Румыниядағы №1 университет деп танылды. Бабеш-Бойяи университетінің журналистика факультеті шығармашылық пен шеберлікті шыңдайды. Студенттер түрлі мәдениеттермен танысып, шетелдік алмасу бағдарламаларына қатысу мүмкіндігіне ие болғаны қуантады. Шетелде білім алуға мүмкіндік берген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға, Халықаралық ынтымақтастық департаментіне және Бабеш-Бойяи университетіне алғыс білдіремін.

Альмира БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

С 13 по 15 июня в городе Сиань (КНР) состоялась Международная научная конференция на тему «Центральноазиатские исследования с позиции регионоведения», организованная Институтом России, Восточной Европы и Центральной Азии Китайской академии общественных наук совместно с ведущими университетами Центральной Азии и Китая.

ных и лингвокогнитивных факторов в переводе. В центре нашего исследования – перевод как форма культурной трансмиссии, требующая глубокого понимания ментальных и прагматических кодов оригинального текста. Гуль-

OUR GRADUATE

An orientalist with a humanitarian soul



Togzhan Bakytnazovna Kozhaly is a prominent Kazakhstani public figure, volunteer, and philanthropist whose work has made a significant impact on the country's civic and humanitarian landscape. As the founder and executive director of the HAQ Charitable Foundation, she has devoted her career to promoting social justice, fostering civic responsibility, and delivering real support to vulnerable populations.

From 1989 to 1994, Togzhan Kozhaly studied at the Faculty of Oriental Studies at Al-Farabi Kazakh National University, specializing in Arabic language within the historical and cultural context of the Middle East. This education not only equipped her with strong linguistic and analytical skills but also shaped her deep understanding of intercultural dialogue, social ethics, and global development – values that later became the foundation of her humanitarian mission.

She went on to earn an MBA in International Business from the Academy of Foreign Trade under the Ministry of Economic Development of the Russian Federation. Fluent in Kazakh, Russian, English, and Arabic, Kozhaly has built a multifaceted career spanning education, politics, business, and civic engagement.

Her commitment to public service became especially visible in 2019, when she founded the HAQ Foundation – an acronym meaning “Honest Service to the People.” Under her leadership, the foundation quickly earned recognition for its rapid and targeted humanitarian response. During the COVID-19 pandemic in 2020, HAQ provided emergency support to affected communities. In 2022, the foundation delivered humanitarian aid to civilians in Kazakhstan impacted by natural and energy-related crises.

Mrs. Kozhaly has consistently used her platform to advocate for gender equality, educational access, and corporate social responsibility. During her time in the energy sector, she promoted human capital development and worked to increase the participation of local specialists in the oil and gas industry. Many of her initiatives, such as securing grants for thousands of Kazakh students funded by subsoil users – reflect her broader vision of sustainable development rooted in fairness and education.

Her efforts have been honored at the highest levels. In addition to receiving awards from the KAZENERGY Association and the Atameken National Chamber of Entrepreneurs, she was awarded the “For Outstanding Merit” medal by Al-Farabi Kazakh National University for her contributions to science and education.

Today, Togzhan Kozhaly continues to serve as a member of the Public Council at the Ministry of Ecology, Geology and Natural Resources of the Republic of Kazakhstan, as well as the Public Council of the city of Almaty. Her work unites policy, philanthropy, and civic initiative – showing how deep commitment to human values can truly transform society.

мира Катбаева, опираясь на материалы своей докторской диссертации, рассказала о стратегиях перевода этнокультурных единиц в художественном тексте, акцентируя внимание на сохранении национальной образности, символизма и культурной глубины при межъязыковой адаптации. Айжан Койбакова посвятила своё выступление вопросам перевода ономастических терминов с китайского языка, исследовав способы передачи имён собственных, географических названий и культурно значимых реалий в контексте казахского языка и традиции.

Преподаватели кафедры китаеведения КазНУ выступили на китайском языке, что позволило наладить прямой академический диалог с учёными из Китая, Узбекистана, Киргизии, России и других стран. Их выступления вызвали широкий интерес и живой отклик у международного научного сообщества, подтвердив высокий уровень профессионализма и научной подготовки казахстанских синологов.

Участие в столь представительном международном форуме укрепило позиции кафедры китаеведения КазНУ как научного центра синологической мысли Центральной Азии и стало значимым вкладом в развитие международного научного сотрудничества.

Фатимабиби ДАУЛЕТ,
ассоциированный профессор
кафедры китаеведения

Вклад ученых КазНУ в развитие рисоводства



шается и остается низкой. Кроме этого, в связи с появлением в рисовых посевах грибковых болезней и засорением полей краснозерными сорно-полевыми формами наблюдается снижение продуктивности и качества зерна риса.

Важную роль в устранении данной проблемы отводится селекции растений, которую необходимо проводить на современном уровне, используя достижения биологических, сельскохозяйственных наук и биотехнологии. При этом следует иметь в виду, что успешное создание новых сортов риса тесно связано с развитием теоретических и практических аспектов его селекции, так, чтобы фундаментальные, методологические и прикладные задачи реализовывались с помощью конкретных методик, способов и приемов разработанных непосредственно для

сорт, адаптированных к условиям рисоводства в Казахстане.

Предложенная вниманию читателей монография состоит из 9 глав, изложенных на 520 страницах и иллюстрированных оригинальными фотографиями, рисунками. Монография станет интересным и нужным источником знаний для научных работников и работников сельскохозяйственной отрасли, обучающихся профильных университетов на всех этапах обучения и последипломной профессиональной подготовки. Первые, вышедшие из печати экземпляры монографии переданы в библиотеку КазНУ им. аль-Фараби.

Жазира ЖУНУСБАЕВА,
доцент, препод.
кафедры молекулярной
биологии и генетики

В этом году вышла в свет коллективная монография «Физиолого-биохимические, генетико-селекционные и биотехнологические исследования риса в Казахстане» посвященная 90-летию КазНУ им. Аль-Фараби. Издание охватывает период исследований с 2015 по 2024 годы, проведенных в рамках программно-целевого и грантового финансирования КН МОН РК (МНВО РК) и международной коллаборации с ведущими научными центрами России, Филиппин, Китая, Японии.

В подготовке монографии приняли участие сотрудники кафедры генетики и молекулярной биологии и кафедры биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби: к.б.н. Усенбеков Б.Н., к.б.н. Мухамбетжанов С.К., к.б.н. Амирова А.К., к.б.н. Жунусбаева Ж.К., к.б.н. Ерназарова Г.И. Следует отметить, что издание монографии является своевременным так как в последние годы одним из самых перспективных отраслей сельского хозяйства Казахстана, обладающих экспортным потенциалом, является рисоводство.

В последнее время в рисоводстве страны остро ощущается нехватка сортов, отвечающих требованиям международных стандартов по качеству крупы, и в то же время, способных давать высокие урожаи в специфических условиях зон рисосеяния Казахстана. Одним из главных сдерживающих факторов в повышении продуктивности и качества риса является несвоевременное проведение сортообновления и низкий уровень семеноводческих работ. По этой причине за последние 10-15 лет урожайность риса не повы-

Протездеу – бұл медицина және инженерия салаларының жетістігі. Ал протез дегеніміз – жоғалған дене бөліктерінің жасанды түрлері (аяқ-қол, тіс, буын, органдар және т.б.)

ӘЛИХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Қарапайым жігіт Әлиханмен танысайық, ол – 20 жастағы айтишник. Ақтау қаласының тумасы, қазір Алматыда тұрады. Жақында Әлихан жүк көлігіне соғылғаннан кейін реанимация бөліміне түскен. Оның жағдайы тұрақты, алайда апат салдарынан сол көзі мен сол қолынан және оң аяғынан айырылды. Сондай-ақ оның сол бүйрегі істен шығып, жүрек қақпағы жақын арада жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Егер осының бәрі 80 жыл бұрын орын алса, Әлихан үшін бұл өлім жазасы болар еді, бірақ ол біздің заманымызда өмір сүреді. Сондықтан есін жиып, ойлана бастады: бұрынғы өмір сүру сапасын қалай қалпына келтіруге болады? Бұл сұраққа жауап табу мақсатымен ол интернетке кіріп, шешім іздеді. Ал мен болсам Әлиханның соңынан еріп, көпшілікке таныс емес жаңа аймаққа ену-ді ұсынамын.

Осылайша біз неліктен кезекте тұруға қарағанда жол қозғалысы ережелерін бұзу қауіпсізірек? Ұшақтың қанатына қарағанда қандай қол қымбатырақ? Бір көздің көруін қалпына келтіруге бола ма? Қандай пластик тірі секілді сезінеді? Неліктен шошқа трансплантологтың ең жақын досы болып саналады деген сұрақтарға жауап береміз.

ҚАНДАЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАР?

Енді біз дененің әрбір бөлігін бөлек талдап, оларды ауыстырудың түрлі жолдарын табамыз.

Сол көз

Бүгінгі күні көзді толық қалпына келтіру мүмкін емес: көру жүйке құрамында миллионнан астам жүйке талшықтары бар, ол арқылы ақпарат миға беріледі, ал оның қалыңдығы шамамен 3 мм. Бұл – бүкіл көзді ауыстыру мүмкін емес деген сөз. Дегенмен жоғалған көздің орнын толтыра алатын протездер бар. Ең қарапайым нұсқа – шыны протез, косметикалық және медициналық функцияларды орындайды. Ол өз бетінше Әлиханға ештеңе бермейді, тек «қарақшы» деген лақаптан құтылатыны болмаса...

Осы жерде айта кететіні, жетілдірілген шешімдер де бар: мысалға 3D-принтерде басылған көзге арналған протез кез келген пішінді қабылдауды ғана емес, сонымен қатар қосымша функцияларды орындай алады. Бір жігіт тіпті протезіне фонарь мен лазер орнатқан, сондай-ақ магнитті пайдалану арқылы басқару механизмін өзірлеген. Енді бұл жігіт терминатор ретінде өтіп бара жатқан адамды қорқытып қана қоймайды, қараңғыда

кілттерін ешқашан жоғалтпайды, лазер арқасында мысығымен де ойнай алады. Сондықтан ең қарапайым нұсқаның да артықшылығы бар. Ең озық шешім – Джеремиа Тао өзірлеген протез: бетке бекітілетін және табиғи көздің қозғалысын қайталайтын, арнайы көзіл-

көмегімен қозғалады және жоғалған аяқ-қолдың функцияларын барынша толық қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қарапайым нұсқалары батырмалар арқылы, қалған бұлшықеттермен белсендіріліп жұмыс істейді. Ал жетілдірілген түрлері қолға имплантация-

Әрине, жетілдірілген нұсқалар да бар. Бізде, мысалы, Lux-Med компаниясы арқылы тапсырыс беруге болады. Алайда бұл жерде де қол протезіне тән мәселелер кездеседі: жайсыздық, сезімталдықтың болмауы және жоғары баға.

Өкінішке қарай, мамандар

жұмады. Яғни орган жетіспеушілігінен өлу ықтималдығы көлік апатынан қайтыс болу ықтималдығынан жоғары. Сондықтан қосымша балама нұсқаларды іздеу артық етпейді.

UCSF компаниясы клиникалық сынақтарды әлі бастамағанымен, қазірдің өзінде ішкі бүйрек протезіне арналған құрылғы ойлап тапты. Бұл құрылғы бүйрегінен айырылған және донор таба алмайтын адамдарға көмектеседі, бірақ тек 10 адамға ғана жазда қолжетімді болады. Сондықтан Әлихан үшін басқа жолдарды да қарастырған жөн.

Жүрек қақпақшасы

Жүрек жағдайында да бүйрек сияқты шешім бар, бірақ мұнда шошқа қақпақшасын трансплантациялау қосылады. Бұл көптеген адамдардың өмірін сақтап қалған қарапайым операция. Дегенмен оның да кемшіліктері бар. Мысалы, шошқаның генетикалық материалымен адамдыкі сәйкес келмегендіктен, иммундық жүйе реакция беруі мүмкін, бұл өз кезегінде қақпақшаның бұзылуына әкеледі. PubMed журналындағы мәліметтерге сүйенсек, бұл мәселені шошқа тіндерін генетикалық модификациялау арқылы шешуге болады. Яғни бөгде орган өз ағзаға бейімделіп, туған жерінен шыққандай әсер қалдыруы мүмкін. Бірақ бір мәселе бар: Әлихан – мүмін, сондықтан шошқа тінінен жасалған қақпақты қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

Бақытымызға қарай, жаңа технологиялардың, соның ішінде 3D-баспа, биоинженерия және қашықтан бақылау жүйелерінің арқасында бұл мәселелер де шешімін табады. Олар протездің бұзылу қаупін төмендетіп, клапанның жұмысын қадағалап отыра алады. Осылайша Әлиханның жүрегі «тоқтап қалмас үшін» және «дүрсілдеп кетті» деп үрейленбеу үшін сенімді әрі тұрақты шешім қарастырылуда.

КЕЛЕШЕКТІ ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТЕМІЗ?

Осы кезде Әлихан болашақта пайда болуы мүмкін жаңалық жайында ойлана бастады – олар оның өмірін одан да жақсы ете түсуі мүмкін. Мысалы, дің жасушаларынан мүшелерді өсіру соңғы арқасында оған жаңа бүйрек өсіріп беруі мүмкін. Немесе миға имплантацияланатын чип арқылы ол өз денсаулығын бақылап қана қоймай, теледидарды ой күшімен қосып-өшіру мүмкіндігіне де ие болар еді.

Мүмкін, болашақта донордан аяқ-қол трансплантациясы да кең таралады. Өйткені бір кездері иттің басын трансплантациялаған (мысалы, Демиховтың тәжірибелері), демек, адам денесінің бөліктерін де алмастыру қиял емес.

Немесе микророботтар ше? Қазірдің өзінде бактериялар негізінде жасалған микророботтар бар, олар қатерлі ісікпен күресте қолданыла бастады. Болашақта олардың мүмкіндіктері басқа салаларда да кеңейіп, денеде қызмет ететін кішкентай «дәрігерлерге» айналуы ғажап емес.

Даниил СТАЛЬМАШЕВСКИЙ,
ақпараттық технологиялар факультетінің студенті

Протездеу ісіндегі жаңа технологиялар



дірікпен бақыланатын шағын экран. Бұл ретте, бір көз қазірдің өзінде сыртқы кеңістікті қадағалап отырғандықтан, қосымша технологияларды интеграциялау талап етілмейді.

Ал Әлихан екі көзінен де айырылса, ол көру қабілетінің бір бөлігін қалпына келтіре алар еді және оны қалайда жақсартушы еді. Қазіргі кезде видео жазып, содан кейін оны сым арқылы миға имплантацияланған чипке жіберетін камералары бар арнайы көзілдірік те бар. Дегенмен мұндай құрылғылардың мәселесі – олардың жылдамдығында. Видео жазылғанша, өңделіп және миға жіберілгенше уақыт өтеді, демек, мұндай құрылғылары бар адамдар әлемді сәл кідіріспен көреді. Жақында пайда болған балама нұсқасы бар. 7sense компаниясы кеңістікті 360 градус сканерлейтін және ақпаратты тактильді пикселдердің көмегімен лезде шығаратын баскиім. Оның арқасында соқыр адам кідіріссіз ғана көрмей, тіпті миына операцияны да міндет етпейді.

Сол қол

Әлиханның қолы иық деңгейіне дейін жоғалған. Протездеу – технология ретінде ежелгі заманнан бері бар: алғашқы мысалдар б.з.д. III мыңжылдыққа жатады. Ал қазіргі түріндегі протездеу саласы Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қалыптасты. Біз, әрине, сіздің қолыңызды түпнұсқасындай етіп толық алмастыра алмаймыз. Ең арзан және қарапайым нұсқа – пассивті протездер.

Механикалық протездер де бар. Олар арзан, жеңіл және басқаруға оңай. Бұл протездер көбіне шынтаққа дейінгі қолдың жоғалуына арналған, сондықтан Әлихан үшін бұл нұсқа жарамсыз.

Неғұрлым инновациялық шешім – бионикалық протездер. Олар электрониканың

ланады және ми жіберетін сигналдарды қабылдай отырып, нервтер арқылы басқарылады. Бионикалық протездердің кемшіліктері де бар: температура мен жанасуға сезімталдықтың болмауы, салыстырмалы түрде баяу әрекет ету, үнемі қайта зарядтау қажеттілігі және шектеулі қозғалыс мүмкіндігі. Соған қарамастан, бұл қазіргі уақытта қолжетімді ең үздік шешім.

Жаңа IT-технологиялар мен нейрондық желілердің енгізілуінің арқасында протездер 45 пайызға жылдамырақ қозғала бастады және табиғи қозғалысқа ұқсас әрекет етеді. Ұқсас зерттеулер Үндістанда да жүргізілуде. Технологиялар күн сайын жетіліп келеді және жақын болашақта түпнұсқадан кем түспейтін шешімдер пайда болатыны сөзсіз.

Ал қазіргі уақытта ең қызықты имплантанттар қандай? Әрине, «Гаджет инспекторы» бізде әлі жоқ. Бірақ жанасу мен температураны сезіне алатын протездер бар – мысалы, LUKE Arm. Юта штатының студенттері протездік қол жасап шығарған. Ол қалған нервтерден сигнал қабылдайды, ал бұлшықеттерге осы сигналдарды беретін құрылғы имплантацияланады. Нәтижесінде адам жылуды сезініп, пластик қолмен жанасуды ажырата алады.

Айта кетсек, LUKE Arm – ең қымбат протездердің бірі. Оның бағасы 150 мың доллар, ал жаңа ұшақ қанатын жасау қағаз жүзінде небәрі 7 мың долларға түседі. Мұндай «вундервафля» Әлиханның қазіргі қаржылық жағдайына сәйкес келмейді, сондықтан біз оны қарастырып отырған жоқпыз.

Басқарушы аяқ

Аяққа келгенде Әлиханның жолы болды, өйткені тек тізесіне дейін кесілді. Көп жағдайда қол туралы айтылған әңгіме аяққа да қатысты.

аяқ протезімен аз айналысады, сондықтан бұл салада жетістіктер аздау. Дегенмен бұл бағытта да жаңа технологиялар пайда болуда. Массачусетс университетінің қызметкері Хьюган Саннның зерттеулерінің арқасында жүйке импульстарын өңдеуге арналған жаңа технологиялар мен алгоритмдердің енгізілуі нәтижесінде аяқтардың қозғалу жылдамдығы 41 пайызға артты, ал жүріс әлдеқайда шынайырақ болды.

Әлиханға оңалту процесінде және күнделікті өмірде нағыз фантастика саласынан алынған шешім көмектесе алады, ол – экзоскелет. Жетек пен мотор жиынтығынан тұратын бұл құрылғы киіледі әрі бүкіл денеге арналған аксессуар ретінде қызмет етеді: сіз суперқаһарман сияқты көрінесіз, ал Әлихан үшін бұл операциядан кейін қалпына келуге және бұлшықеттердің атрофиясын болдырмауға көмектеседі.

Қуантатыны – Әлиханның жағдайын ескере отырып, аяқты функционалды түрде қалпына келтіріп, тіпті марафонға қатысу мүмкіндігі де бар.

Сол бүйрек

Бүйрек мәселесі әлдеқайда жеңіл, себебі мұнда протездеуден бөлек, орган трансплантациясы көмек береді. Әлиханға тек лайықты донорды күтуі немесе туысының біреуі оған бүйрегін беруге келісуі керек. Бірақ туыстары келіспеген жағдайда донорды күту ғана қалады. Осы сәттен бастап орыс рулеткасы басталады. Америкалық хирург Зои Стюарттың статистикасы бойынша, күн сайын орган күтіп жүрген 17 адам қайтыс болады, әсіресе бауыр жетіспеушілігінен.

Айтпақшы, Қазақстанда орта есеппен күніне 10 адам жол-көлік оқиғаларынан көз

Академиктің құрметіне мемориалдық тақта орнатылды

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, қазақ заң ғылымының атақты өкілі Сұлтан Сартаев тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды. Алматы қаласындағы «Самал-2» ықшам-ауданы, 63-үйде академик Сұлтан Сартайұлы 2002-2019 жылдары тұрған.



ҰҒА академиктері, заңгер-ғалымдар, Сұлтан Сартаевтың әріптестері, шәкірттері мен туғантуыстары жиналды.

Мемориалдық тақтаны орнату жұмысы Сұлтан Сартайұлының қызы Раушан Сартаеваның бастамасымен жүзеге асырылды. ҚазҰУ ұжымы мен Алматы қаласының әкімдігі игі бастаманы іске асыруға қолдау көрсетті.

Жиында ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов, Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Бірлесбек Алияров, заңгерлер, ғалымдар мен шәкірттері сөз сөйлеп, Сұлтан Сартайұлы туралы естеліктерімен бөлісті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әуелі мынаны біліп алғанымыз жөн: адам ізгі амалдарды кездейсоқ немесе еркінен тыс жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда жасалған ізгі амалдар бақытқа жеткізбейді. Егер ол ізгі амалды өз ықтияры мен қалауына сәйкес жасайтын болса, онда бақытқа жетеді.



Сақ дәуірінің алтын жүзігі табылды



ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы сақ дәуіріне жататын алтын әшекейлерді тапты. Тарих факультетінің деканы, профессор Досбол Байғонақовтың жетекшілігімен Алматы облысының Ұйғыр ауданында қазба жұмыстары жүргізілді. Тоғызбұлақ ауылының маңында ерте темір дәуіріне жататын қорғандар зерттелді.

Мамандар ауылдың оңтүстік бөлігінде орналасқан және 20-дан астам қорғаннан тұратын Тоғызбұлақ-1 және Тоғызбұлақ-2 қорымдарында далалық зерттеулер жүргізді. Археологиялық нысандардың негізгі бөлігі тізбектеле орналасқан және солтүстіктен оңтүстікке бағытталған элиталық қорғандарға жатады. Тоғызбұлақ-2 қорымы ауылдың солтүстігінде орналасқан және жалпы саны 30-дан асатын түрлі қорғандардан тұрады.

Тарих ғылымының докторы, профессор Досбол Байғонақовтың айтуынша, Тоғызбұлақ-1 қорымындағы далалық зерттеулер барысында төрт қорған, ал Тоғызбұлақ-2 қорымында екі археологиялық нысан қазылды. Тоғызбұлақ-1 қорымындағы №3 және №4 қорғандардың үйіндісінен алтын әшекейлердің табылуы айтулы жаңалық болды. №4 қорғаннан ер мен әйелдің сүйектері табылды. Сүйек қалдықтарының жанынан керамикалық ыдыстар, темір заттар, тас келсап, жануарлар сүйектері, алтын тізбектің сынығы, әртүрлі ал-

тын пластиналар және т.б. табылды.

№3 қорғанның үйіндісінен адамның сүйек қалдықтары, сондай-ақ алтын пластиналар табылды. Олардың арасында арыстанның суреті салынған алтын жүзік ерекшеленеді. Мұндай артефактілер сирек кездеседі. Салмағы 8 грамға жуық жүзік алтын құймасынан жасалған. Жүзіктегі арыстанның бейнесі синкретизммен тығыз байланысты. Бір қарағанда әйелдің жүзін, арыстанның тұмсығы мен жалын, тіпті бұқаны, қошқарды көруге болады, олардың таңбасы ежелгі тайпаларда кең тараған. Мамандардың айтуынша, мұндай жерлеу орындары мен артефактілер Қазақстан аумағында мекендеген сақ тайпаларына тән. Табылған қазбалар шамамен б.з.д. IV-III ғасырларға жатады.

Тоғызбұлақ-1 және Тоғызбұлақ-2 қорымдарынан табылған заттар ерте темір дәуірімен мерзімделеді және қазіргі Ұйғыр ауданының аумағы сақ мәдениеті орталықтарының бірі болғанын дәлелдейді.

Гүл БАЯНДИНА

II халықаралық жазғы мектеп өз жұмысын бастады

ҚазҰУ-да шетелдік студенттерге арналған «Қоршаған ортаны қорғау: геожүйелерге, қоғамға, білімге, мәдениет пен дүниетанымға антропогендік әсерді бағалау әдістері» тақырыбында II халықаралық жазғы мектеп өз жұмысын бастады. Оған Қытай Халық Республикасының Синьцзян университетінің білім алушылары және оқытушылары қатысуда.



ламасы 72 академиялық сағатты қамтиды. Оған теориялық дәрістер, практикалық сабақтар мен ғылыми-танымдық экскурсиялар кіреді. Сонымен қатар шара барысында студенттер Алматы мемлекеттік табиғи қорығы, Аюсай орталығы, Шарын шатқалы және өзге де көрнекті орындарға саяхаттайды.

Халықаралық шара бағдарламасы екі аптаға жоспарланған. Дәрістер мен практикалық сабақтар Қазақстан-Қытай қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды

қолдану зертханасы базасында өткізіледі. Оны ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамы, PhD докторлар мен Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының сарапшылары жүргізуде.

Сондай-ақ 8 шілде күні жазғы мектеп бағдарламасынан сәтті өткен қатысушыларға сертификаттар табысталып, халықаралық студенттік ынтымақтастықты нығайту және экологиялық сананы дамытуға бағытталған арнайы кеш ұйымдастырылады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.